



## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқын Рамазан айының басталуымен ҚҰТТЫҚТАУЫ

### Құрметті отандастар!

Баршанызды қасиетті Рамазан айының басталуымен құттықтаймын! Бұл – халқымыздың рухани өмірінде айрықша маңызы бар кезең. Ораза кезінде сабырлық пен қанағатшылық, жанашырлық пен қамқорлық секілді ізгі құндылықтар ерекше дәріптеледі. Азаматтарымыз мұқтаж жандарға көмек беріп, қайырымдылық жасауға ұмтылады. Мұның бәрі ислам дінінің гуманистік идеяларынан бастау алады.

Халқымыз үшін дін мен дәстүр – бірін-бірі толықтырып, өзара сабақтасып жатқан егіз ұғым. Асыл дініміз де, ата дәстүріміз де жұртты жақсылық пен жасампаздыққа үндейді. Биыл Рамазан айы Алғыс айту күнімен тұспа-тұс келіп отыр. Мұның зор символдық мәні бар. Мазмұны терең, мағынасы үндес қос мереке халқымыздың берекелі бірлігін одан әрі нығайта түсуге шақырады.

Ораздан оразаға аман-есен жете берейік!  
Баршаңызға бақ-береке тілеймін!  
Ниет қабыл болсын!

### РЕСМИ

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ Қ.Б. Шарлапаев туралы

Қанат Бисимбайұлы Шарлапаев Қазақстан Республикасы Президентінің экономикалық мәселелер жөніндегі көмекшісі болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 28 ақпан  
№ 799

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ Ә.А. Ерғалиев туралы

Әсет Арманұлы Ерғалиев Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы болып тағайындалсын, ол бұрынғы атқарған лауазымынан босатылсын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 28 ақпан  
№ 801

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАРЛЫҒЫ Е.Қ. Нағаспаевты тағайындау туралы

Ерсайын Қайырғазыұлы Нағаспаев Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі лауазымына тағайындалсын.

Қазақстан Республикасының Президенті  
**Қ.ТОҚАЕВ**

Астана, Ақорда, 2025 жылғы 28 ақпан  
№ 803

### Ерсайын Қайырғазыұлы НАҒАСПАЕВ

Е.Қ.Нағаспаев 1980 жылы Қарағанды облысында туған. Е.Ө.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетін бітірген.

Еңбек жолын 2001 жылы Қарағанды облысы Теміртау қаласының әкімі аппаратында жетекші маман болып бастаған. 2002-2006 жылдары Сыртқы істер министрінің, Қазақстан Республикасының Ресей Федерациясы Елшілігінде атташе, үшінші хатшы лауазымдарында қызмет атқарған.

2006-2007 жылдар аралығында Көлік және коммуникациялар министрлігінде бөлім басшысы, Көліктік саясат және халықаралық ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары болған. 2007 жылдан 2009 жылға дейін «Ақтау халықаралық теңіз сауда порты» республикалық мемлекеттік кәсіпорнында аппарат басшысы болып жұмыс істеген. 2011 жылы Қарағанды облысы Шахтинск қаласының әкімі лауазымына тағайындалған. 2013-2014 жылдары Астана қаласы әкімінің орынбасары қызметін атқарған.

2015 жылы «Астана» СПК» ұлттық компаниясының басқарма төрағасы болған. 2016-2020 жылдары «Новострой Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі директорының стратегиялық даму жөніндегі орынбасары болып жұмыс істеген.

2021 жылғы сәуірден бастап «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының басқарушы директоры.



### ТАҒАЙЫНДАУ

Мемлекет басшысының өкімімен Абай Серікұлы Қайырбеков Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары – Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы лауазымына тағайындалды.

### ХРОНИКА

Мемлекет басшысының Жарлығымен Жандос Нұрланұлы Шаймарданов Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің төрағасы лауазымынан босатылды.

## Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Алғыс айту күнімен құттықтауы

### Құрметті отандастар!

Баршанызды Алғыс айту күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл жарқын мереке азаматтарымыздың бір-біріне деген ризашылығы мен тілектестігінің, шынайы құрметінің символы саналады.

Халқымыз ғасырлар бойы берекелі бірлігі мен туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігінің арқасында ең күрделі сынақтар мен қатерлерді еңсеріп білді. Осы іргелі құндылықтар жалпыұлттық бірегейлігіміздің ажырамас бөлігіне айналды.

Биыл Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына 30 жыл толады. Бұл құрылым қоғамдағы өзара түсіністік пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосып келеді.

Қазір біздің алдымызда жүйелі әрі ауқымды реформаларды жүзеге асыру міндеті тұр. Осы орайда әр азаматтың ел тағдырына жауапты екенін толық сезіне білуі маңызды. Біз жұдырықтай жұмыла білесек ғана, үйлесімді және әділетті қоғам құру жолында жетістікке жетеміз.

Туған елдің игілігі үшін адал әрі тынымсыз еңбек етіп жүрген барша отандастарыма алғыс айтамын. Сіздерге зор денсаулық, бақ-береке тілеймін!



## Халық бірлігін бекемдеген ұйым



Қазақстан халқы Ассамблеясы 1995 жылы Президент жанындағы консультативті кеңесші ұйым ретінде құрылды. Басты мақсаты – қазақ халқының топтастырушы ролін арқау ете отырып, патриотизм, елдегі этнос өкілдерінің азаматтық және рухани-мәдени ортақ ұстанымы негізінде мемлекеттің қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлігін қамтамасыз ету.

арқылы көптеген этникалық топтың қазақ жеріне келуімен байланысты.

Мәселен, жаппай қуғын-сүргін жылдарында қазақ даласына 2,5 миллионнан аса адам жер аударылды. Олардың қатарында әзербайжан, неміс, чешен, күрд, мекхет түріктері, балкар, армян, қалмақ, қырым татарлары, қарашай, корей және басқалары бар. Тағдыр тәлкегімен осы кезеңде барлығы 66 этностың өкілі елімізге күштеп көшірілді. Оларға «опасыздық жасады» деген айып тағылып, үйдерінен күштеп шығарылды.

Елімізде бірлік пен келісім саясаты ерекше маңызды орын алады. Оған басты себеп – бір ғасыр төңірегінде бірнеше тарихи миграция толқындарының әсерінен халықтың

демографиялық құрамының өзгеруі. Нақтырақ айтсақ, бұл үдеріс XIX-XX ғасырларда этникалық көші-қон, соның ішінде мәжбүрлі жер аудару, ашаршылық, депортация, эвакуация

4 >

## Қасиетті Рамазан айы құтты болсын!

### Наурызбай қажы ТАҒАНҰЛЫ,

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрағасы, Бас мүфти

Аса рақымды, ерекше мейірімді Алланың атымен бастаймын! Барлық мақтау әлемдердің Раббысы Аллаға тән! Ардақты Пайғамбарымызға Алланың салауаты мен сәлемі болсын!

### Қадірлі отандастар!

Сіздерді ісі мұсылман баласы асыға күтетін, он екі айдың сұлтаны болған қасиетті Рамазан айының келуімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа бірлік пен береке, бақыт пен шаттық тілеймін! Рамазан айы құтты болсын!

Алла Тағала қасиетті Құранда: «Уа, иман келтіргендер! Өздеріңе дейінгі қауымдарға парыз етілгендей, тақуалыққа жетулерің үшін сендерге де ораза ұстау парыз етілді» («Бақара» сүресі, 183-аят) деп баяндайды. Шаригатымыз бойынша балиғатқа толған, ақыл-есі дұрыс әрбір мұсылманға Рамазан айында ораза ұстау – парыз. Алайда жолаушылар, науқас жандар мен сырқаты асқынып кетуінен қауіптенген адамдар, сондай-ақ жүкті немесе емізуді баласы бар әйелдер ораза ұстауды кейінге қалдыруына болады. Бұған шаригатымыз рұқсат береді.


3 >

### ӨНДІРІС ӨРІСІ

## Қаптама өндірісінің көшбасшысы

Көкшетаудағы полимерлік каптама өндірісімен айналысатын «Новопэк Кәсіпорны 1 200-ден аса адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр. Өндірісте бастанқы полимерлік шикізат және сапалы шетелдік қоспалар пайдаланылады. Толық циклді өндіріс ошағы ретінде кез келген сусымалы жүкке арналған каптардың бірнеше түрін өндіреді.

Байқал БАЙӘДІЛ,  
«Egemen Qazaqstan»



Дәл қазір жұмыс қайнап жатыр. Аумағы атшаптырым өндіріс цехтарында ұзын-ырағы 500-ден аса заманауи құрал-жабдық орналастырылған. Цех басшыларының айтуына қарағанда, дайын өнім көлемі де күннен-күнге көбейе түсуде. Айына 1 500

тонна өнім шығарады. Өндірілген сапалы өнімге сұраныс та мол. Өзірге өнім өткізуден кедергі болған емес.

Тұтынушылар саны 700-ге жуық. Кәдімгі қаптың әлденеше түрін өндіретін компания құрамында «Асыл арна», «Көкше сити», «Көкше

упаковка», «Азия полимер», «Нитро Продакт» тәрізді 6 жауапкершілігі шектеулі серіктестік бар. Бір ғажабы кәсіпорын жұмысшыларының 65 пайызы қыз-келіншектер.

8 >